

Мұхатова О.Х.

II Академиялық экспедиция және арнайы зерттеулер

Мақалада қазақ даласына 1768-1774 жылдары ұйымдастырылған II Академиялық экспедиция және оның арнайы зерттеулері туралы баяндалады. Экспедицияның мақсаты, құрамы анықталады. Қазақстанның солтүстік-шығысына сапар шеккен экспедиция мүшесі Х. Барданестің сапарлары және дайындаған еңбектері көрсетіледі. «Қырғыз хореографиясы» еңбегінің мазмұны мен маңызы анықталады. Экспедиция мүшесі Иоган-Готлиб Георгидің қазақтарға берген этнографиялық сипаттамасы туралы айтылады. Оның Кіші және Орта Жүздердегі халықтың орналасуы, саны, рулық құрамы туралы мәліметтері ашылады. Ресей Ғылым Академиясының арнайы нұсқауымен этнографиялық материалдар жинақтаған И.П.Фальктің Еділ, Астрахань, Орынбор, Петропавл, Омбы, Семей жерлерін аралау барысындағы жинаған материалдары талданады. Петр Симон Палластың экспедициядағы қызметі ашылады. Автор оның этнографиялық, географиялық, топонимиялық материалдарға негізделген арнайы зерттеуіне тоқталады. Николай Пертович Рычковтың қазақ халқының әлеуметтік құрылымы, шаруашылығы және тұрмыстық жағдайы туралы еңбектерінің мазмұны ашылады. Н.П.Рычковтың «Дневные записки путешествия в Киргиз-Кайсацкую степь в 1771 г.» атты еңбегі пайда болуы баяндалады.

Түйін сөздер: академиялық экспедиция, қазақ даласын зерттеу, Ресей империясы, ғалымдар, тарихи-этнографиялық, географиялық арнайы зерттеулер, этнографиялық сипаттама, мәліметтер.

Mukhatova O.H.

II Academic Expedition and special studies

The article presents the II Academic expedition organized in the Kazakh steppe in the years 1768-1774 and its special studies. It defines the purpose and composition expedition. Showing works member of the expedition X. Bardanes, who traveled to the north-eastern Kazakhstan. Determine the content and meaning of his work, «The Kyrgyz chorography.» The author describes the ethnographic description of these Kazakhs-member expedition Johann Gottlieb Georgi. It is affecting his information about rasslenii, abundance, tribal composition of the Kazakhs Younger and Middle zhuzes. Analyzes the collected materials on the recommendation of the Academy of Sciences of Russia in the course of his travels the lands of the Volga, in Astrakhan, Orenburg, Petropavl, Omsk, Semipalatinsk. Determined by Peter Simon Pallas activities of the expedition. The author dwells on a special study, which is based on ethnographic, geographic, toponymic descriptions. It determines the content of the works of Nicholas Pertovich Rychkov of social structure, economy and everyday life of Kazakhs. It describes the history of the emergence of research N.P.Rychkov «Day notes travel in Kyrgyzstan Kaisak steppe-1771».

Key words: Academic expedition to study the Kazakh steppe, the Russian Empire, scientists, historical and ethnographic, geographic special studies, ethnographic descriptions, information.

Мұхатова О.Х.

II Академическая экспедиция и специальные исследования

В статье излагается работа II Академической экспедиции, организованной в казахскую степь в 1768-1774 годах, и ее специальные исследования. Определяются цель и состав экспедиции. Показываются труды члена экспедиции Х. Барданеса, который путешествовал в Севере-Восточный Казахстан. Определяется содержание и значение его работы «Киргизская хореография». Дано этнографическое описание казахов членами экспедиции Иогана-Готлиба Георга. Затрагиваются его сведения о расселении, численности, родоплеменном составе казахов Младшего и Среднего жузов. Анализируются собранные материалы по рекомендации Академии наук России в ходе путешествия его по землям Волги, Астрахани, Оренбурга, Петропавла, Омска, Семипалатинска. Определяется деятельность Петра Симона Палласа в экспедиции. Автор останавливается на специальном исследовании, на основе этнографического, географического, топонимического описания.

Ключевые слова: академическая экспедиция, изучение казахской степи, Российская империя, ученые, историко-этнографические, географические специальные исследования, этнографические описания, сведения

II АКАДЕМИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Орыс империясы Қазақ даласын Орталық Азия және Үндістанға ашылатын қақпа ретінде пайдалануды XVII ғасырдың соңында ойластырып, алғашқы әрекеттерін жоспарлаған еді. Оңтайлы сәтті күтуден жалықпаған патша үкіметі біртіндеп даланы сырттай және іштей зерттеуді қолға ала бастаған-ды. Осы орайда далаға экспедициялар ұйымдастырып, қазақтар туралы нақты мәліметтер жинақтады. Империяның осындай бастаған ісі XVIII ғасырдың екінші ширегінен соңына дейін жалғасты. Сондай шаралардың бірі – 1768-1774 жылдары Еділ бойына Оралдың, Сібір мен Қазақстанның тарихын, географиясын және олардағы халықтардың этнографиясын зерттеу мақсатымен екінші академиялық экспедиция. Қазақтардың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, дүниетанымын, мінез-кұлқын зерттеу арнайы ғылыми негізде жүргізіліп, іргелі шығармалар дайындалды. Аталмыш кезеңде Петербор Ғылым Академиясының ғалымдары П.С. Паллас, И.П. Фальк, Х. Барданес, А.И. Левшин, Н.П. Рычков, И.Г. Андреев тәрізді ғалымдар қазақтар жөнінде арнайы зерттеулер жазды. Экспедицияға сол кездегі аса көрнекті ғалымдар П.С. Паллас, И.П. Фальк, И.Г. Георги, П.И. Рычков, Х. Барданес қатысты.

Х.Барданестің ғылыми сипаттағы сапарының нәтижесі толықтай орталықтың күткен сенімін ақтады. Ол 1771 жылы Қазақ даласына екі ұзақ сапар жасаған-ды. Бірінші сапарында Тройцк-Ой дистанциясы – батыс Орал жотасымен – Тройцк, ал екіншісінде Тройцктан Қызылжар (Петрапавл) арқылы Ертістің сол жағалауымен Семейге-Қалба жотасына – Қаратау аймағына дейін барып, сол жолмен кейін қайтты. Осылайша ол жүріп өткен қазақ ауылдарына айтарлықтай зерттеп, барып қайтқан Ресейдің алғаш саяхатшысына айналды. Өзінің Орталық және Шығыс Қазақстан аймағына жасаған сапарынан жиған мәліметтерін XVIII ғасырдың 70 жылдарында қомақты Дала сапарындағы жол күнделігі мен арнайы «Киргисская, или казацкая, хорография» атты монографиялық зерттеуінде баяндалды. Екі еңбегі де қолжазба түрінде Ресей Ғылым Академиясының Санкт-Петербург филиалының 1768-1774 жылдардағы Академиялық экспедицияның қорында сақтаулы тұр. Кеңестік кезеңде Петербор архивінен Х.Барданестің «Қырғыз хорографиясы» табылып, ол тарихи және тарихнамалық дерек ретінде талдан-

ды. Екінші еңбектің мәтінімен мән беріп танысқанда, Қазақстанның географиясы мен тарихи-этнографиясына қатысты ғылымдағы алғашқы жалпылама жинақ екені анықталды. Оның құрылымына жинақталған мәліметтер қазақтардың әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік дамуына сәйкес нақты аспектілер бойынша орналастырып, пәндік-тақырыптық қағида негізінде жүйелеген. Х.Барданестің нақты деректер негізінде жасалған жүйесі ерекше құндылыққа ие, себебі, бұл деректер тікелей автордың өз қолымен жинақталып, топтастырылған. «Қырғыз хорографиясы» атты еңбекте Солтүстік және Шығыс Қазақстанның топонимикасы, табиғаты және шынайы аңыз-әңгімелері келтірілген. Мұндай құнды дерек XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында кездеспейді.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарияланған Қазақстан тарихы бойынша орыс деректері жинағының «Қазақ жерлерінің тұңғыш тарихи-этнографиялық сипаттамасы. XVIII ғасыр» деген IV томында Х. Барданес және П.И. Рычковтың Қазақ даласындағы саяхаттары барысындағы жазбалары енгізілген [1]. Х. Барданес еңбектері «Из журнала путешествия Христофора Барданеса в Киргизскую степь 1771 года» және «Поездка Христофора Барданеса в Киргизскую степь, по поручению академика Фалька» деген атаулармен берілген. Мұнда зерттеуші Қазақстанның батыс аймақтарындағы өзен, көл, бекініс, т.б. туралы жазып, оларға сипаттама берген. Олар осы турасында жағрапиялық, топонимикалық зерттеулер үшін маңызды. Жазбалардағы қазақтардың этникалық атауы туралы айтылатын тұсы назар аударарлық, онда былай делінген: «Они сами себя не называют никогда киргизами, или сложным именем киргиз-кайсака, а единственно называют себя казак, ... когда его назовешь киргизом, то многие отвечают: «Мин казак, киргиз тугул», т.е. «Я казак, а не киргиз» [1. 93 б.].

1768-1774 жылдарғы академиялық экспедицияның келесі бір мүшесі – Иоган-Готлиб Георги (1723-1802 жж). Ол этнограф-саяхатшы және Ресей Ғылым Академиясының минерология саласының профессоры болған. Ресейге 1770 жылы Императорлық ғылым және өнер академиясының шақыруымен келген. Алғашында ол И.П. Фальктың, кейін П.С. Палластың қасында жүріп, Орал, Сібірді аралады. Ол сонымен қатар қазақ ауылдарында және Орынборда, Томда, Тобылда да болып қайтқан. Оның экспедициядағы жұмыстарының нәтижесі Петерборда жоға-

ры бағаланып, этнографиялық материалдары ғылыми деп танылды. Патшайым Екатерина II И. Георгидің еңбектерін жоғары бағалап, оған алтын темекі салатын құрал сыйлаған. 1776-1777 жылдары И.Георгидің «Ресей мемлекетінде өмір сүріп жатырған барлық халықтардың, сонымен қатар олардың тұрмыстық ғұрыптарының, нанымдарының, тұрғын жайларының, киімдері және өзге де көрікті заттарының сипаттамасы» деген кітабы орыс тілінде үш бөлімде жарық көрді. Еңбек Ресей Федерациясында 2007 жылы қайта басылған [2]. П.С. Палластың кітабына қарама-қарсы И. Георгидің еңбегі салмақты зерттеу болып табылды. Еңбек әртүрлі деректерді зерттеудің және салыстырудың негізінде жазылды. Қазақтардың этнографиялық сипаттамасы И. Георгидің кітабының «Қырғыздар туралы» деген тарауында берілді. Қазақ халқының тарихи-этнографиялық сипаттамасын И. Георги өзінің Ресей халықтарына жасаған жіктемесіне сәйкес тарихи-лингвистикалық принцип бойынша жүйеледі. Қазақтарды ол «татар» деп аталатын топқа енгізді. Бірақ ол бұл топқа өзіне танымал түркі халықтарынан басқа, грузиндерді, осетиндерді және сол кезде Ресейде жинақтаушы «татар» деген терминмен қате аталып жүрген басқа да кавказ халықтарын жатқызды. И. Георги қазақтардың шынайы атауын жақсы біліп, Кіші және Орта Жүздердегі халықтың орналасуы, саны, рулық құрамы туралы неғұрлым дұрыс мәліметтер берді. Сондай-ақ қазақтардың мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылықтарын және оның өнімділігін, үй кәсіпшіліктерін, қолөнерін, ер және әйел адамдардың еңбек әрекеттерін жан-жақты сипаттап жазды. Бұдан әрі ол қазақ халқының заттай мәдениетіне, тұрғын-жайларына, киімдеріне, тамағына сипаттама берді. Сонымен қатар, қазақтардың сот ісі және жай құқықтары, діни нанымдары, әдет-ғұрыптары мен жанұялық жағдайы, қонақ қабылдау кезіндегі салт-дәстүрлері, тойлары, жерлеу салттары, халық медицинасы мен мал дәрігерлігі туралы да құнды мәліметтер табуға болады. И.И. Георгиге дейін бірде-бір зерттеуші қазақ халқының сан қырлы және толық этнографиялық сипаттамасын бермеген еді. Дегенмен И. Георги де этнографиялық материалдарды баяндау жоспарында біраз қателіктерге жол берді. Талдаулары мен қорытындыларында ол жиі қателесіп, дұрыс емес ойларды білдірді. Ол қазақ фольклорының мәліметтері, мәселен, шежірелер, этногенетикалық сипаттағы аңыздар қазақ халқының неғұрлым ерте тарихын, әсіресе, қазақ халқының қалыптасу кезеңінің тарихын

зерттеу үшін жарамсыз деп есептеді. Бұған қоса, орыс мұрағаттарының материалдарын білмегендіктен, ол XVII ғасырға дейін қазақтардың өзіндік тарихы болғандығына күмән келтірді.

Тағы бір айтулы академиялық экспедицияның мүшесі швед натуралисі, ботаника ғылымының докторы Иоганн Фальк (1727-1774 жж.) 1763 жылы Ресей Ғылым Академиясына Линнейдің ұсынысы бойынша шақырылды. 1770 жылы Фальк отряды Еділ-Орал өзен аралығын мынадай маршрутпен: Сарепт-Рын-құмдары – Камыс-Самар – Орал арқылы жүріп өтті. Арықарай экспедиция отрядының Орынборға бағыты Орал арқылы жүрді. 1771-1772 жылдары Фальк отряды Оңтүстік Орал, Солтүстік және Шығыс Қазақстан аймағын барлады. Фальктің басшылығымен қысқаша Есіл даласының географиялық картасы жазылды. Мұнда Петропавл аймағының жер бедері, геологиясы, өсімдіктері жайында мағлұматтар берілген атауы мен Солтүстік Тянь-Шань аймақтарын көріп қайтты. Фальктің «Известиях о Киргизской и Зюнгарской степи» атты еңбегі, Шығыс Қазақстан аймағының табиғат жағдайы туралы мәліметтерді қамтиды [2]. Оның өлімінен кейін бұл еңбекті 1825 жылы Х.Барданес жарыққа шығарды. И.Фальктің жетекшілігімен отрядтың жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесі И.И. Георгидің бастамасымен 1824 жылы «Полном собрании сочинений ученых путешественников по России» басылымға дайындалды. Сөйтіп, И.П. Фальк еңбектері 1824 жылы Петербурда «Полное собрание ученых путешественников по России» том 6, часть I «Записки путешествия академика Фалька от Санкт-Петербурга до Томска», глава VI» деген жинақта басылып шықты.

И.П. Фальк Еділ, Астрахань, Орынбор, Петропавл, Омбы, Семей және басқа да Батыс Сібір қалалары мен қазақ ауылдарында болып өтіп, айтарлықтай материал жинады. Оның зерттеуші ретіндегі қызметі де, өмірі де ұзаққа созылмады, ол 1774 жылы ол өзін-өзі атып өлтірді. Зерттеушінің жинақтаған материалдарын, ғылыми мұрасын И.Г. Георги қалыпқа келтіріп, 1785-1786 жылдары неміс тілінде үш том етіп жариялады. 1825 жылы орыс тілінде И.П. Фальктің «Известия о Киргизской и Зюнгарской степи» және серігі Х.Барданестің «Поездка в Киргизскую степь» атты жеке жинақтары орыс тілінде жарияланды. Алайда бұл жинақта тарихи-этнографиялық материалдар мардымсыз-ды. Негізгі мәліметтер неміс тіліндегі еңбектен көрініс тапқан еді. Бұл еңбек толық жария болғанына қарамастан қазақ халқының этнографиялық тарихын зерттеуде еш

қызығушылық тудырмады, әрі орыс тіліне де толықтай аударылмады. Тек пролетариат диктатурасының алғашқы жылдарында жарияланған С.Г. Асфендияров пен П.А. Кунтенің «Прошлое Казахстана в источниках и материалах» атты деректер жинағына И. Фальк еңбегінен үзінділер алынды. Десе де И. Фальк еңбектерінің ғылыми, тарихи-этнографиялық маңызы айтарлықтай. Экспедицияның өзге де мүшелері тәрізді И.П. Фальк этнографиялық бақылауларды Ғылым Академиясының арнайы нұсқауымен жүргізді. И.П. Фальк экспедицияның өзге мүшелеріне қарағанда этнографиялық материалдарды жинауға үлкен мән берді. Осыған орай қазақтардың этнографиясы бойынша жинақтаған мәліметтері әлдеқайда толық болды. Қазақ халқының заттай мәдениетінің кейбір тұстары И.П. Фальктің еңбегінде неғұрлым толық көрсетілді. Ол қазақтың этнографиялық ұғымдары мен сөздерінің неғұрлым мол қорын жазып алып, оларды этнографиялық көріністердің мәтіндерінде, сонымен қатар «Қазан-татарлық, қырғыздық, бұхарлық және қалмақтық тілдердің салыстырмалы глоссарийлерін» құрастыруда да кеңінен қолданды. Ол өзінің қазақ халқына неғұрлым объективті тұрғыда қарауымен, XVIII ғасырдың кейбір авторларында кездесетін қазақтарды төмендетушілік қасиеттерінің болмауымен де ерекшеленеді. И.П. Фальк орыс тарихи-этнографиялық әдебиетін жақсы білгендіктен, ғылымға қазақ этнографиясы бойынша тың мәліметтер беру және өзге авторлардың қате мәліметтерін анықтап, толықтыру жөніндегі міндеттерін алдына мақсат етіп қойды.

1768-1774 жылдардағы II Академиялық экспедицияның мүшесі – Петр Симон Паллас. Экспедициядағы қызметінің нәтижесі ретінде «Путешествие по разным провинциям Российской империи» атты еңбегін дайындады [3]. Еңбекте 1768-1769 жылдары Каспий жағалауына жасалынған экспедиция барысында аймақтың табиғаты мен халқы туралы жинақтаған мәліметтері баяндалған. Кітапта кіріспе немесе қандай да бір түсініктеме берілмеген, тіпті редакторы да көрсетілмеген, тек қысқа ғана аннотация берілген. Аңдатпада былай деп жазылған: «Бізге тек өз өңіріміз және оған жапсарлас жатқан аймақтар қызығушылығымызды тудырды. Бұл аймақтың жануарлары мен өсімдіктері, тұрғындардың сенімдері мен тұрмыстық жағдайлары әрі этнографиялық ерекшеліктерін зерттеу бізге қажетті еді». Орал қаласында басылып шыққан бұл кітаптың атауы көрсетілмей тек 5 бөлімнен тұратын әртүрлі көлемдегі мәліметтер келтірілген[4].

Ең көлемдісі 190 беттік мәтіннен тұрады. Мәтін Самара қаласы мен Алексеевка қаласын сипаттаумен басталады. Келесі бөлім (191-220 беттер) зерттеу кезінде бақыланған Каспий өңірінің солтүстік аймағының флора мен фаунасына қатысты мәліметтерді қамтыған. Мәліметтерді П.С. Паллас Уфадағы қыстауда (1770 жылдың қаңтар-сәуір айлары) және Челябинде (1770 жылдың қыркүйек айы) отырып баяндаған. Сонымен қатар студент Н.Соколовтың естелік жазбалары да кіргізілген. Үшінші бөлімі (221-236 беттер) жаңа жануарлар түрлерінің сипаттамасы таңдамалы түрде баяндалған. Еңбекте тек қана солтүстік Каспий өңірі аймағынан кездестірген сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар және бунақденелілер туралы айтылған. П.С.Палластың көзі тірісінде бұл бөлім екінші кітаптың соңғы бөліміне енгізілген-ді. Ең қысқа бесінші бөліміне (259-262 беттер) «Научное наследие П.С. Палласа. Письма. 1768–1771 гг.» атты кітаптан П.Палластың Жайық пен Гурьев қалаларында жазған Петербордағы Императорлық Ғылым Академиясының №14 және 16 рапорттары кіргізілген[5].

Экспедицияға қатысқандардың тағы біреуі – Николай Пертович Рычков (1746-1784 жж.) Петр Иванович Рычковтың ұлы, Императорлық ғылым академиясының адъюнкты. Ол Палластың жетекшілігіндегі академиялық экспедицияға 1769-1770 жылдары қатысып, Қазан, Орынбор, Уфа, Вят және Перм губернияларында болып, бұл аймақтар туралы сипаттамалар дайындап, оларды «Журнал или дневные записки путешествия капитана Рычкова по разным провинциям Российского государства» атты еңбегіне енгізді. Бұл еңбек Ғылым Академиясының басшылығымен дайындалды. 1772 жылы Ғылым Академиясы Н.П. Рычковтың екінші бір «Дневные записки путешествия в Киргиз-Кайсацкую степь в 1771 г.» атты еңбегін басып шығарды. Зерттеуші қазақ даласының есте қаларлық жерлер мен аймақтардан арнайы мәліметтер жинау мақсатында Батыс Қазақстан аймағына жіберілген болатын. Н.П. Рычков өз ғылыми сапарын Ор – Ырғыз өзені – Үлқайық – Қабырға өзенінің құяр тұсы бойымен жүрді. Бұл сапарының нәтижесі ретінде «Дневные записки путешествия в Киргиз-Кайсацкую степь в 1771 г.» атты еңбегі пайда болды[6]. Бұл еңбек өз кезегінде Кіші жүз қазақтарының тарихы туралы ғылыми білім беруде өте жоғары маңызға ие болды. Аталмыш

еңбегінде Н.П. Рычков қазақ халқының әлеуметтік құрылымы, шаруашылығы және тұрмыстық жағдайы туралы, сонымен қатар орыстармен қарым-қатынасы жайында баяндап берді. Сапар барысында жазылған жазбалар айтарлықтай өріс алған мәліметтер жинау түрі болып табылады. XVIII-XIX ғасырларда орыс және шетел саяхатшылары Батыс Қазақстан аймағына келіп, көптеген географиялық және әкімшілік-территориялық сипаттағы мағлұматтарды жазып алып отырды. Н.П. Рычков өзінің күнделігінде күн сайын жолында көрген-білгенін жазып, шекарадан қанша қашықтықта жүрген қашықтығын жазып отырды. Ырғыз өзенінің бойында қазақтардың бейітін көрді. Бейіт ірі ірі тастармен көмкеріліп, жанына сол аймақтың мрамр мен агат тастары қойылған. Бейіттер бір-біріне ұқсамайды. Кей біреулері тас немесе қамысты, текемет немесе кілемше тәрізді түрде көмкеріліп, үстіне найза мен садақтарымен қорамсақтар қойылған. Бұл өлген кісінің ерлік қаза тапқанының белгісі болатын. «Қазақтар, – деп хабарлайды Н.П. Рычков, – марқұммен бірге қару-жарақтарын көміп, тастармен көмкереді де, кей жағдайда үстіне ағаш немесе ірі тастардан бейіт тұрғызады». Н.П. Рычков өз сапарында Нұралы ханның Хан ордасында болып, Әбілхайыр ханның Мәйітін өз көзімен көрген. Хан мәйіті төртбұрышты бөлме тәрізді, күйдірілмеген кірпішпен салынып, қабырғасы ақ саз балшықпен жағылған. Басқа бейіттер болса, домаланған күмбез тәрізді. Ал келесі бір түрі жай ғана қамыстан жасалынған кілемшемен көмкерілген. Әбілхайыр хан жерленген бейіт Н.П. Рычковтың айтуы бойынша кіші жүз қазақтары үшін тассаттық, құдайы беретін қасиетті жер болған. Сонымен қатар Н.П. Рычков қазақтардың салт-дәстүрі туралы да мәлімет беріп өткен. Оның қазақтардың үйлену тойын қатысты мынадай жазбалар қалдырған: «Қырғыз байлары әйелдікке өздеріне екі, үш немесе төрт әйел алады. Бірінші әйелі үшін қалың мал ретінде елу жылқы, жүз қой, бірнеше құл және түйе артады. Екінші әйелдікке қыздың ата-анасы жақтырмай береді, өйткені бірінші әйел нағыз бәйбіше болғандықтан, кедей қырғыздар өздеріне жалғыз әйел, қалың малдары да соған сай: он шақты жылқы және жиырма қойды беріп алады. Үйлену тойлары башқұрттардікі сияқты түскі той думандатып, ән-би шырқалтып, бәйге мен күрес жарыстарымен өтеді» [7].

Әдебиеттер

- 1 История Казахстана в русских источниках. XVI -XX веков. IV том. Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век. – Алматы, 2007.
- 2 Иоганн Готтлиб Георги. Описание всех обитающих в Российском государстве народов, их житейских обрядов, обыкновений, одежд, жилищ, упражнений, забав, вероисповеданий и других достопамятностей. – М.: Библиотека РУСАЛа, 2007. – 128 с.
- 3 История Казахстана в русских источниках. XVI -XX веков. V том. Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным степям. XVIII-XIX века. – Алматы, 2007.
- 4 Паллас П. С. Путешествие по разным провинциям Российского государства // Россия XVIII в. глазами иностранцев. – Л.: Лениздат, 1989. – 544 с.
- 5 Паллас П. С. Наблюдения, сделанные во время путешествия по южным наместничествам Русского государства / Пер. с нем.; Отв. ред. Б. В. Левшин; Сост. Н. К. Ткачёва. – М.: Наука, 1999. – 246 с.
- 6 Ерофеева И.В. Документальные материалы российских путешественников и исследователей XVIII – середины XIX в. о Жетысу и Южном Казахстане. //История Казахстана в русских источниках. XVI-XX веков. VI том. Путевые дневники и служебные записки о поездках по южным степям. XVIII-XIX века. – Алматы, 2007.
- 7 Российские академические экспедиции XVIII в. об этнографии казахов. 2-е изд. доп. Т.25. – Астана: «Алтын кітап», 2007. – 240 с.

References

- 1 History of Kazakhstan in Russian sources. XVI-XX centuries. IV quod. Ipso primo historiae et ethnographic descriptionibus Kazakh terram. XVIII century. – Almaty, 2007.
- 2 Johann Gottlieb Georgi. Descriptio totius Russiae status in plebem suam quotidie sacris usibus, vestis, domicilii exercitation amet amata et fides. – М.: RUSAL Library, 2007. – 128 cum.
- 3 History of Kazakhstan in Russian sources III. XVI-XX vekov. V quod. Travel diaries et de itinera memos ad meridionalem pigris. XVIII-XIX century. – Almaty, 2007.
- 4 Pallas P.S. //Journey in nonnullarum Provinciarum Russiae status in Russia XVIII. oculos extraneorum. – L.: Lenizdat, 1989. – 544 cum.
- 5 Pallas P.S. Observationibus meridiem iter fecerat Russiae status imperii / Trans. cum.; Resp. Ed. BV Levshin; Comp. NK Tkachev. – М.: Science, 1999. – 246 cum.
- 6 Yerofeyev I.V. Documentaries Russian viatores et exploratores XVIII – mid-XIX century of Zhetysu et Australium Kazakhstan. // Historia Kazakhstan in Russian sources. XVI et vicesimum saeculum. VI quod. Travel diaries et de itinera memos ad meridionalem pigris. XVIII-XIX century. – Almaty, 2007.
- 7 Russian academic expeditiones saeculo duodevicesimo. Ethnography of Kazakhs. II-er ed. ext. T.25. – Astana: «Altyn kitap», 2007. – 240 cum.